



9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні!




***“Ерлік – елге мұра,
Ұрпаққа – ұлағат”***



Мың тағзым саған жеңіс жауынгері.
Жеңіс тіпті оңайлықпен жеткен жоқ,
Дұшпан бізге аяшылық еткен жоқ,
Соғыс бітіп, алпыс бес жылдай уақыт өтсе де,
Қияметі естен әлі кеткен жоқ.

Жауқазындар жапырағын жайғанда,
Жайраң қағып шығушы едік сайранға.
Сойқан соғыс басталды да кенеттен,
Кете бардық аттанып қан майданға.



Отан үшін арпалыстық, алыстық,
Қас дұшпанмен қасарыстық, қарыстық,
Жанымызды, тәнімізді табыстап,
Қара жерге ағып жатты қан ыстық.

Қаншалықты қарысқанмен қайрат қып,
Жерге тығып жауларды да жайраттық,
Қанға бөгіп қан майданда қалсақ та,
Гүл өңірді, нұр өңірді жайнаттық .

Желбіретіп жеңіс деген жалауды,
Тарихтағы толтырдық бір тарауды,
Ұрпағымыз өтер мәңгі ардақтап,
Жеңімпаздар қалдық қазір санаулы.



Айрықша ерлік көрсеткен батырлар.

Екі мәрте Кеңес Одағының батырлары



Талгат Бигелдинов



Иван Павлов



Леонид Беда



Сергей Луганский



Кеңес Одағының батыр қыздары



Алия Молдагулова



Маншук Маметова



Шын сұрапыл сол бір дауыл боранның,
Ызғарынан көкірегіне толар мұң.
Ардагерлер сирегенмен өздері,
Қалындайды естелігі олардың.

Нұрын шашып жылда жеңіс көктемі,
Ұшсын еркін бейбіт күннің кептері.
Ардагерлер көшкенімен өмірден,
Өшпейді әсте ерлік кітап беттері.

ВОЛГОГРАД

Ардагерлер, елімнің қымбаттары,

Қорғадыңдар адамдық мұраттарын.

ВЕЧНАЯ СЛАВА ГЕРОЯМ,
ПАВШИМ В БОЯХ ЗА СВОБОДУ
И НЕЗАВИСИМОСТЬ НАШЕЙ
РОДИНЫ

